

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Президенті _____ У.С.Абдибеков
«_____» _____ 201__ ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-044-2014

***АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ СЫРТТАЙ ОҚЫТУ ТҮРІН
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ***

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментпен, сырттай және қашықтан оқыту орталығымен
ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген – Департамент директоры Н.Орманов
Орталық директоры Э.Альжанова
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент
Б.Б.Ахметов
– Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының
бастығы Е.Шахабаев
– Құқық және экономикалық қадағалау департаментінің
директоры А.Абсеметов
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2014
5. Тексеру мерзімі – 2016

Қызметтік қолданыс үшін басылым

| | | |
|--|----------------------------|----------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХҚТУ-044-2014 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Ахмет Ясауи университетінде сырттай оқыту түрін ұйымдастыру ережесі | | 6 беттің 2 –ші беті |

МАЗМҰНЫ

| | | |
|---|--|---|
| 1 | Қолданылу саласы | 3 |
| 2 | Нормативтік сілтемелер | 3 |
| 3 | Атаулар, анықтамалар және қысқартулар | 3 |
| 4 | Жалпы ережелер | 3 |
| 5 | Сырттай оқытуда оқу үдерісін ұйымдастыру | 4 |
| 6 | Қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша сырттай оқытуды ұйымдастыру | 5 |
| 7 | Сырттай оқытуды ұйымдастыру талаптарын сақтауға бақылау | 5 |
| 8 | Танысу парағы | 6 |

Ahmet Yasaui University

| | | |
|--|----------------------------|----------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХҚТУ-044-2014 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Ахмет Ясауи университетінде сырттай оқыту түрін ұйымдастыру ережесі | | 6 беттің 3 –ші беті |

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) сырттай оқыту түрін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Бұл ереже университетте сырттай оқыту түрін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі, сырттай оқыту түрін ұйымдастыруға қойылатын талаптар университет құрылымында міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ ХҚТУ-044-2014 ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы сырттай оқыту түрімен оқытуды ұйымдастыру ережесінде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Кредиттік технология бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі»;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі №169, 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 112 бұйрығымен бекітілген «Оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша ұйымдастыру ережелері».
- Университет Жарғысы;
- Регламенттер;
- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;
- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

УЕ – университет ережесі;

ЖБМЖМС – Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

ПОҚ – профессор-оқытушы құрамы;

СӨЖ – студенттің өзіндік жұмыстары.

Ереже – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде сырттай оқыту түрін ұйымдастыру талаптарын әзірлеу ережесі.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

| | | |
|--|----------------------------|---------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХКТУ-044-2014 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Ахмет Ясауи университетінде сырттай оқыту түрін ұйымдастыру ережесі | | 6 беттің 4 –ші беті |

4.1 Университет күндізгі оқу түрінің ережелері мен сыртқы оқу түрінің ережелері сәйкес болуы тиіс, жалпыға бірдей талап қояды.

4.1 Сырттай оқу түрі бұл - оқу түрінің ұйымдастырылған жолмен сабаққа қатысу және оқу материалдарына сілтеме жасау, белгілі уақыт аралығындағы семестрде берілген кредиттерді орындау.

4.2 Сырттай оқу түрінің кәсіби-біліктілік бағдарламасын игеруге 2 жылдан кем уақыт берілмейді немесе мамандықтың мемлекеттік стандартымен анықталады.

4.3 Сырттай оқудың еңбек сыйымдылығы мен күндізгі оқу түрінің еңбек сыйымдылығы тең дәрежеде болуы тиіс. Сырттай оқу түрінде оқу жоспары бойынша белгіленген 128 кредит немесе 5760 сағат орындалады. Аудиториялық сағаттың саны аз болады, сырттай оқытын білім алушылардың еңбек сыйымдылығы өзіндік жұмыстарды орындаумен толықтырылады.

4.4 Сыртқы бөлімнің білім алушысы бір академиялық кезеңде 9-12 кредит немесе 405-540 сағат орындауы тиіс.

4.5 Сыртқы бөлімнің оқу жоспарының құрылымы, пәндер тізімі, кредит сандары күндізгі бөлімнің сол мамандығының оқу жоспарымен, пәндер тізімімен, кредиттерімен сәйкес болуы керек.

4.6 Сыртқы бөлімнің аудиториялық сабақтары оқу-емтихандық сессия кезінде қойылады, бір оқу жылында ұзақтығы 6-8 апталық 2 оқу-емтихан сессиясы бекітіледі.

4.7 Сыртқы бөлімде аралық аттестаттау оқу бағдарламалары мен оқу жоспарына сәйкес емтихан тапсыру арқылы жүргізіледі.

4.8 Сыртқы бөлімде мемлекеттік қорытынды аттестаттау жүргізу күндізгі бөлімде мемлекеттік аттестаттау өткізудің құрылымына, мазмұнына толықтай сәйкестендіріледі.

5 СЫРТТАЙ ОҚИТУДЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

5.1 Қабылдау емтихандарынан соң білім алушыларға қалыптасу лекциялары және бірінші сессияға тапсырмалар мен СӨЖ тақырыптары бекітіледі.

5.2 Сыртқы оқу түрі үшін пән бойынша жұмыс бағдарламалары, силлабус құрылымы, мазмұны, көлемі жағынан күндізгі бөлім үшін жасалған жұмыс бағдарламаларымен сәйкес болуы керек, айырмашылығы: аудиториялық сабақтарының үлесінде болады.

5.3 Сыртқы бөлімде ПОҚ мамандықтың кәсібилігін арттыру мақсатында СӨЖ үшін өз пәндері бойынша әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулықтар, лекциялар, тест тапсырмаларын мүмкіндігінше аудио-бейне лекциялар дайындайды.

5.4 Аралық бақылаулар бойынша материалдың 50 пайызын меңгермеген білім алушылар емтихан тапсыруға жіберілмейді.

5.5 Оқу жоспарындағы бағдарламаларды толық орындаған және қажетті кредитті жинаған білім алушылар университет президентінің бұйрығымен келесі курсқа көшіріледі.

5.6 Курсқа көшіру кредитін жинай алмаған білім алушының академиялық қарыздарын келесі семестрде жоюға құқығы бар.

5.7 Бітірушілерді қорытынды аттестаттау, мемлекеттік емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің ережесіне» сәйкес өткізіледі.

5.8 Университет білім алушыларды негізгі оқу жоспарында қарастырылған кәсіптік іс-тәжірибенің барлық түрлерінен өту мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті.

5.9 МЖМБС талаптарын толық орындаған және жеке оқу жоспарларына сәйкес таңдаған мамандықтар бойынша оқу бағдарламасын меңгерген, қорытынды аттестаттауды тапсырған білім алушыларға мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжат беріледі.

| | | |
|--|----------------------------|---------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХҚТУ-044-2014 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Ахмет Ясауи университетінде сырттай оқыту түрін ұйымдастыру ережесі | | 6 беттің 5 –ші беті |

6 ҚЫСҚАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША СЫРТТАЙ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1 Қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша арнайы кәсіптік білімі бар тұлғалар сол кәсіби білім саласы бойынша 3 жылдан кем емес оқу мерзімге қабылданады.

6.2 Азаматтарды қысқартылған білім білім бағдарламасы негізінде оқуға қабылдауды университетте қабылдаудың бекітілген ережесіне сәйкес, кешенді тест нәтижесі бойынша университеттің жоғары оқу орнына қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

6.3 Азаматтар қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша жекелеген академиялық топқа бірінші оқу жылында тіркеледі, бірінші курсқа теңестіріледі, оқу курстарының саны оқу мерзіміне сәйкес анықталады.

6.4 Қысқартылған мерзімде оқыту орта кәсіби білімі бар жекелеген тұлғаларға арналып бекітілген жұмыс оқу жоспары бойынша ұйымдастырылады.

6.5 Қысқартылған жоғары кәсіби білім беру мамандардың кәсіптік дайындығын жүзеге асырады, сондықтан оқу жоспары кәсіби пәндерден құралады. Қысқартылған жоғары кәсіби білім бағдарламасы орта кәсіби білім беру базасы бойынша бір ғана жалпы гуманитарлық пән - «Қазақстан тарихын» қамтиды.

7 СЫРТТАЙ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУҒА БАҚЫЛАУ

8.1 Сырттай оқытуды ұйымдастыру талаптарын сақтауға бақылауды:

- оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент;
- сырттай және қашықтан оқыту орталығының директоры және қызметкерлері;
- факультет декандары жүзеге асырады.

8.2 Сырттай оқытуды ұйымдастыру талаптарын сақтамағаны үшін кафедра меңгерушілеріне, ПОҚ, сырттай және қашықтан оқыту орталығының директорына, қызметкерлеріне тәртіптік шаралары қолданылады.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент

Б.Ахметов

Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының бастығы

Е.Шахабаев

Құқық және экономикалық қадағалау департаментінің директоры

А.Абсеметов

| | | |
|--|----------------------------|----------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХҚТУ-044-2014 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Ахмет Ясауи университетінде сырттай оқыту түрін ұйымдастыру ережесі | | 6 беттің 7 –ші беті |

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | | | |
|--|--|--|--|--|

Ahmet Yasaui University